

Арзыкулов А.А.,
Оразбекова Г.Р.

**Қазақстан мен ҚХР
арасындағы әскери
ынтымақтастықтың
қалыптасуы**

XX ғасырдың соңында КСРО-ның ыдырауымен оның кең-байтақ территориясында жаңа тәуелсіз мемлекеттер пайда болды. Осындай мемлекеттердің бірі – Қазақстан Республикасы. Қытай Қазақстанның тәуелсіздігін алдыңғылардың бірі болып таныды және тең дәрежеде дипломатиялық қатынас орнатты. Жұмыста ҚР мен ҚХР арасындағы әскери саладағы ынтымақтастық қатынасының қалыптасу үдерісіне талдау жасалды. Тәуелсіз мемлекеттерде нөмірі бірінші мәселе қауіпсіздік десек, мемлекеттер арасындағы қауіпсіздік-әскери саладағы ынтымақтастық бәрінен маңызды болып табылады. Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы олардың ұлттық қауіпсіздігі, Орталық Азиядағы бейбітшілікті мүдделері үшін әскери-техникалық ынтымақтастығының қалыптасуы мен дамуы қарқынды жүріп келеді. Екі мемлекеттегі әскери реформалар жағдайында қалыптасқан қарулы күштердің өзара селбестігі, олардың түрлері мен бағыттарының алуан түрлілігі қызығушылық туғызады. Қазақстан мен Қытай арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықты объективті бағалау достық елдерінің азаматтық тұрғындары мен әскери мамандарының дұрыс тарихи санасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім ұйымы, әскери стратегия, әскери-техникалық ынтымақтастық, әскери доктрина.

Arzykulov A.A.,
Orazbekova G.R.

**Formation of a military
cooperation between
Kazakhstan and the People's
Republic of China**

At the end of the XX century with disintegration of the Soviet Union the new independent states appeared. The Republic of Kazakhstan is one of them. China one of the first recognized independence of Kazakhstan and established equal diplomatic relations. In work process of forming of a cooperation in military area between PK and People's Republic of China is considered. Objective assessment of a military and technical cooperation between two countries allows to create the correct istorichesy representations of civil inhabitants and military specialists of the friendly countries.

Key words: Organization of the agreement on collective security, military strategy, military and technical cooperation, military doctrine.

Арзыкулов А.А.,
Оразбекова Г.Р.

**Становление военного
сотрудничества между
Казахстанаом и КНР**

В конце XX века с распадом Советского Союза появились новые независимые государства. Республика Казахстан является одним из них. Китай одним из первых признал независимость Казахстана и установил равноправные дипломатические отношения. В данной работе рассматривается процесс формирования сотрудничества в военной области между РК и КНР, т.к. объективная оценка военно-технического сотрудничества между двумя странами позволяет сформировать правильные исторические представления гражданских жителей и военных специалистов дружественных стран.

Ключевые слова: Организация договора о коллективной безопасности, военная стратегия, военно-техническое сотрудничество, военная доктрина.

**ҚАЗАҚСТАН МЕН
ҚХР АРАСЫНДАҒЫ
ӘСКЕРИ
ЫНТЫМАҚТАС-
ТЫҚТЫҢ
ҚАЛЫПТАСУЫ**

Қазақстан Республикасының халықаралық әскери және әскери техникалық ынтымақтастығы сыртқы саяси және экономикалық мақсаттылық үшін ұлттық заңнамаға және Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдеріне сәйкес, әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етудің міндеттерін байыпты шешу, өз әлеуетіне сай жана халықаралық деңгейге шығу, аймақтық көшбасшы позициясын нығайту мақсатында жүзеге асырылады. Бұл мақсатқа жету үшін көпұлтты негізде сенім мен серіктестік шараларын ұлғайту мен нығайту арқылы ұжымдық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру шарт. Қазақстан Республикасы халықаралық әскери және әскери-техникалық ынтымақтастықты өзара теңдік, өзара табыс пен тату көршілік негізінде халықаралық тұрақтылық, ұлттық, аймақтық және жаһандық қауіпсіздік мүдделері үшін жүзеге асырады. Ол қару-жарақты экспорттауды, әскери мақсаттағы өнімдерді, тауарлар мен техниканы бақылау бойынша халықаралық міндеттемелерін мүлтіксіз орындайды [1].

Халықаралық әскери ынтымақтастық саласында Қазақстан Республикасы үшін басымды бағыттар:

– Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім ұйымының (ҰҚКҰ) мүше-мемлекеттерімен бірыңғай қорғаныс кеңістігін құру және ұжымдық әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша күш біріктіру қажеттілігіне қарай әскери және әскери-техникалық ынтымақтастықты арттыру;

– Ресей Федерациясымен, Қытай Халық Республикасымен аймақтағы ортақ әскери-саяси мүдделер негізінде стратегиялық серіктестікті тереңдету;

– «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасы аясында аймақтық орталықтар құру;

– әскери құрылымдардың БҰҰ аясында бейбітшілікті қолдау операцияларына қатысу және т.б.

Қазақстан ұлттық қауіпсіздіктің тиімді және заманауи жүйесін қалыптастыра отырып, аймақтық және жаһандық қауіпсіздік жүйелерімен өзара белсенді әрекеттеседі.

Қазақстан Республикасы Ұжымдық қауіпсіздік келісімі ұйымының мүше-мемлекеттерімен ынтымақтастығын өзара қауіпсіздік пен ұжымдық қорғанысты қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын коалициялық әскери құрылыс аясында

нығайта түседі. Коалициялық әскери құрылыстың негізгі міндеттері:

– ҰҚКҰ аясында әскери сала бойынша ынтымақтастықты кеңейту;

– әскери сала бойынша нормативтік құқықтық базаны үйлестіру;

– ҰҚКҰ мүше-мемлекеттерінің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша міндеттерді жүзеге асыруға дайын болу.

Коалициялық әскери құрылыстың басымды бағыттары ретінде Қазақстан Республикасы мыналарды қарастырады:

– ҰҚКҰ мүше-мемлекеттерінің ұжымдық әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ішараларды жоспарлау және жүзеге асыру;

– коалициялық (аймақтық) әскери топтарды (күштерді) және оларды басқаратын органдарды құру мен дайындау, оларға қажетті әскери дайындық деңгейін ұстап отыру;

– ҰҚКҰ мүше-мемлекеттерінің қарулы күштерін ортақ қауіпсіздік пен ұжымдық қорғанысты қамтамасыз ету мақсатында пайдалануды жоспарлау;

– ұжымдық қауіпсіздік жүйесі күштерінің өзара әрекеттесуі мәселесін жетілдіру, біріккен қимылдардың мазмұнын, түрі мен тәсілдерін айқындау;

– келісілген бағдарламалар мен жоспарлар бойынша ортақ қауіпсіздік пен ұжымдық қорғанысты қамтамасыз ету мақсатына арналған міндеттерді орындауға әскерлерді дайындау;

– халықаралық лаңкестікпен, діни экстремизммен, сепаратизммен, наша бизнесімен күресте біріккен талпыныстарды арттыру және жаппай қыру қаруын таратпау үдерісіне атсалысу;

– ұжымдық қауіпсіздік туралы Келісімнің қатысушы-мемлекеттері арасындағы 1992 жылғы 15 мамырдағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы Келісімі аясында өзара тиімді әскери-техникалық ынтымақтастық;

– әскери ғылымның дамуы, әскери мамандарды даярлау [2].

Қазақстан Республикасы бітімгершілік шараларын өзінің ұжымдық және ұлттық қауіпсіздігін нығайту бойынша саясатының маңызды бөлшегі ретінде қарастырады, оны туындап келе жатқан әскери-саяси дағдарыстар мен әскери жанжалдарды ерте айқындау және саяси шаралар арқылы дер кезінде алдын алудың басты құралдарының бірі санайды. Бітімгершілік шараларының мақсаты қарулы қақтығыстарды тоқтату және оны саяси реттеуге әсер ететін жағдайлар жасау болып табылады. Бітім-

гершілік халықаралық істердегі Қазақстанның әскери-саяси ұстанымдары мен мүдделерін жылжыту үшін үлкен маңызға ие, сонымен бірге халықаралық аренадағы ел беделін едәуір көтереді. Сол үшін де Қазақстан Республикасы БҰҰ аясында өзіне берілген мандаттың негізінде бітімгершілік операцияларына белсене қатысады.

Қазақстан үшін бітімгершілік әрекеттердегі ең бастысы – аймақтық және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі шешімдеріне және жалпыға бірдей құқық нормаларына сәйкес ұжымдық талпыныстарды біріктіру ісіндегі мемлекеттің өз ұстанымын көрсету. Бітімгершілік әлеуетті дамытудың тиімді құралдарының бірі күшейтілген инженерлік-саперлық және медициналық құрылымдар бар аймақтық бітімгершілік орталығын құру болып табылады.

Бейбітшілікті қолдау мен қалпына келтіру бойынша операцияларда міндеттерді орындау Қазақстан Республикасының халықаралық стандарттар бойынша арнайы дайындалған Қарулы күштер бөлімдеріне, басқа әскерлер мен әскери құрылымдарға жүктеледі. Олардың бітімгершілік операцияларға қатысуы Ата заңға, Қазақстан Республикасының заңнамасына және ратификацияланған халықаралық келісімдерге сай қабылданған Қазақстан Республикасының парламентінің шешімімен жүзеге асады.

Бөлінген құраманы жеке құраммен жасақтау ерікті түрде жүргізіледі. Жасақталған құрам бітімгерлік операциясы кезінде төмендегідей міндеттерді жүзеге асырады:

– халықаралық қауымдастық қабылдаған санкциялардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында дау-жанжал ауданын қоршауға алу;

– жанжалдасушы тараптардың қарулы топтарын бөлектеу және қарусыздандыру;

– оқ атуды тоқтату және бейбітшілікті орнату жүйесін қамтамасыз ету, әскери қимылдардың қайта жандануының алдын алу;

– аумақты минадан тазарту, қорғаныс орындарын және жаппай жою қаруын қолдану салдарларын жою;

– тасымалдарды бақылау, әскери техниканы, қаруды, оқ-дәріні және жарылғыш заттарды заңсыз кіргізу мен шығаруды болдырмау;

– бөлектеу аумағындағы жер мен тұрғындар әрекеттерін бақылау, тәртіпсіздіктерге қарсы тұру;

– жергілікті билік орындарына (құқық қорғау органдарына) тәртіп орнатуға көмектесу, тұрғылықты жеріне қайтып оралған тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

– гуманитарлық көмек жүктерін күзету және жеткізу;

– дау-жанжалды реттеу бойынша келіссөздердің ресми кездесулерінің қауіпсіздігін және бітімгершілік миссияларының адамдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету [3].

Қытай Халық Республикасының халықаралық ынтымақтастық саясаты қалай жүргізіледі, қандай басымдылықтарға жол беріледі, сол мәселені қарастырып көрелік. Қытай басшылығының әскери-стратегиялық көзқарастарының өзгеруі 1980 жылдардың ортасында орын алды, бұл кезде Қытайда жүргізіліп жатқан экономикалық реформалар едәуір шетелдік инвестицияларды қажет ететіні айқын болды, демек дамыған елдермен жанжалсыз қатынастар қажеттігі көрінді. 1982 жылы өткен ҚКП-ның XII съезінен кейін ҚХР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жаңа кезеңі басталды. Бұл стратегияның маңызды элементі – ірі державалармен достық қатынастарды ұстап тұруға ұмтылу және Қытайды сақтап тұратын халықаралық кепілдіктер жүйесін құру.

1985 жылы маусымда ҚКП ОК Саяси бюросының және ҚКП ОК Әскери кеңесінің ұсынысымен, ҚХР Орталық әскери кеңесі шешім қабылдады, ол бойынша ҚХР әскери құрылыспен стратегия саласында жалпы ортақ және немесе ядролық соғысқа дайындығын тоқтататыны атап көрсетілді. Оның орнына ҚХР болжалды жергілікті соғыстарда әдеттегі қарулы күштермен-Қытайдың шегінде қатерлер мен әскери жанжалдар шыға қалған жағдайда соғыс жүргізу үшін ҚҰАА-ның модернизациясы мен дайындығын жоспарлайды және жүзеге асырады. Қытай әскери сарапшылары Қытай үшін мәні бар жергілікті соғыстардың бес түрін атап көрсетеді:

– таласты шекаралық территориялардағы ұсақ көлемді жанжалдар;

– теңіз акваториясы мен аралдарға талас үшін жанжалдар;

– кенеттен ауадан шабуыл жасалу;

– қытай территориясына қасақана шектеулі шабуылдар;

– басып кірудің алдын алатын, егемендікті қорғау үшін немесе әділдікті орнатып және қатерді жою үшін қарсыластың территориясына Қытай тарапынан жасалатын «жазалаушы қарсы шабуылдар» [4].

Осылайша, 1980 жылдардың ортасынан ҚХР басшылығы дүниежүзілік соғыстың сөзсіздігі тұжырымдамасынан бас тартты. Әскери-саяси стратегия басты назарды тікелей Қытайдың мемлекеттік шекарасының шегінде пайда болуы

мүмкін жергілікті және шектеулі соғыстарға бұрды. Бұл стратегияның негізгі пункті елдің экономикалық құрылысы болып табылады, ал әскери қауіпсіздіктің басты мақсаты – реформаларды жүргізуге қолайлы қоршаған ортаны сақтау. Бұл жерде ҚХР басшылығы Қытайдың іргелі мүдделері оның ішкі дамуы және тұрақтылығымен, бейбітшілікпен және Қытайды қоршаған аймақтардың гүлденуімен, қауіпсіздік саласы бойынша бейбіт қатар өмір сүрудің бес принципіне негізделген жаңа аймақтық тәртіпті орнату және ұстап тұрумен байланыстылығын ескерсе қажет. Басқаша айтқанда, қытайлық ұлттық қауіпсіздік стратегиясы ішкі дамудың міндеттерімен байланыстырылды, ал бұл қытай авторларының пікірінше келешекте қауіпсіздікті қамтамасыз етуде әскери-күштік бөліктің төмендеуіне, ал керісінше экономиканың, ғылыми-техникалық ойдың даму деңгейі және т.б. артуына алып келеді.

Жалпы барлық жағдайларды ескере келгенде, қазіргі уақыттағы Қытайдың әскери қауіпсіздік саласы бойынша стратегиясы Қытай төңірегіне қолайлы жағдайлар туғызу мен тұрақсыздық факторларын азайтуға бағытталған саяси, дипломатиялық, экономикалық және әскери сипаттағы превентивті шараларды жүзеге асыруға негізделеді.

Қазіргі кезеңде Пекиннің әскери стратегиясы әскери одақтарға (блоктарға) қатыспау, бірінші болып ядролық қару қолданбау, ядролық қарудан азат аудандар құруды қолдау, БҰҰ аясында бейбітшілік орнату операцияларына қатысудан өзге шетел территориясында қарулы күштерін орналастырудан бас тарту секілді принциптерден тұрады. Сонымен бірге Қытай мемлекетаралық сенімге негізделген жаңа типтегі қауіпсіздік тұғырнамасын жүзеге асыруға бет бұрған, ол келесі жағдайлардан тұрады:

– өзара сенімге және ынтымақтастыққа негізделген тең дәрежелі қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

– басқа мемлекеттердің ішкі ісіне араласпай және үшінші елдерге зиян келтірмей отырып қауіпсіздік мәселесі бойынша өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;

– басқа мемлекеттердің қауіпсіздігі мен тұрақтылығына әскери күшпен қатер тигізуге немесе зиян келтіруге жол бермеу; қорғаныс әскери саясатын жүргізу;

– екіжақты негізде шекаралық және таласты аудандарда сенімділікті орнату үшін ықтималды шараларды қабылдау;

– қарулы күштер арасында достық қатынастарды сақтау [5].

Қытай әскери доктринасының бір тармағы – «Қытайдың бейбіт дамуына қолайлы қауіпсіздік ортасын қалыптастыру» болып табылады. «Қытай қашан да алдыңғы орынға егемендікті, бірлікті, территориялық тұтастық пен елдің қауіпсіздігін қояды, социалистік модернизацияны жүзеге асыру үшін қолайлы халықаралық және шекара маңындағы бейбіт жағдайды орнатуға бар күшін жұмсайды».

Әскери құжаттарда көрсетілгендей, «...Қытай гегемонизм саясатынан үзілді-кесілді бас тартады, ешбір әскери топтарға қатыспайды, ықпал ету аумағына ұмтылмайды, соғыс, интервенция және экспансия саясатына түбегейлі қарсы, қару-жарақ жарысына қатыспайды». ҚҰАА бірізділікпен мемлекеттік сыртқы саясатты жүргізеді, блоктарға қосылмауға, теке-тірестен бас тартуға және үшінші елдерге бағытталмаған негіздегі әскери ынтымақтастық қатынастарын дамытады. БҰҰ-ның бейбітшілік орнату акцияларына және халықаралық лаңкестікке қарсы ынтымақтастыққа қатысады, әскери салада әртүрлі формадағы алмасуларды атқарады, өзара сенім мен өзара пайдаға негізделген әскери қауіпсіздік жағдайын және әскери қауіпсіздік бойынша диалог тетіктерін құрады [6].

Басқаша айтқанда, қазіргі уақытта әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Қытай тек қарулы күштерді ғана емес, сонымен бірге әскери дипломатияны қолдануды қалайды. ҚҰАА-ның сыртқы байланыстары қарулы қақтығыстардың алдын алудың, ең алдымен шекаралас елдермен қатынастарындағы, қосымша дипломатиялық шарасы ретінде қарастырылады. Бүгінгі күні Қытай 150-ден астам елмен әскери қатынас орнатқан, ҚХР-ның жүзден аса елшілігінде әскери атташе аппараты жұмыс істейді, ал 85 шет мемлекет Пекинде әскери атташе ұстап отыр, оның ішінде Қазақстан да бар. ҚҰАА-ның оқу-жаттығуларына шетелдік бақылаушыларды шақыру кейінгі кезде кең қолданылып жүр.

Қарулы қақтығыстардың алдын алуға бағытталған әскери дипломатияның негізгі формалары:

- Азия елдеріне «қытайлық әскери қауіп» тұжырымнамасының негізсіз екенін түсіндіруге жіберілетін жоғарғы дәрежелі ҚҰАА делегацияларының жиілігі;
- шекаралас мемлекеттермен әскери сала бойынша мемлекетаралық келісімдерді дайындауға және бекітуге ҚҰАА-ның қатысуы;
- ҚҰАА өкілдерінің БҰҰ аясындағы қару-жараққа бақылау жасау және қарусыздану мәселелері бойынша халықаралық форумдарға қатысуы.

Шетелдік бағалар бойынша, ҚҰАА-ның қандай-да бір елге қатысты әскери-дипломатиялық қызметінің сипаты екі критериймен айқындалады. Біріншіден, ол елді Пекин серіктес ретінде әлде бәсекелес ретінде қарастыратындығына байланысты. Екіншіден, ол елдің үш категорияның қайсысына жататындығына қарай: шекаралас елдер, дамушы елдер, Батыс елдері.

Әсіресе шекаралас елдерге баса назар аударылады, өйткені ол қолайлы сыртқы орта құруға тікелей байланысты. Қазақстан Республикасы дәл осы топқа жатқызылады. Бұдан ары қарай екі елдің әскери ынтымақтастығының қалыптасу жолдарын қарастыралық.

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы әскери ынтымақтастықтың құқықтық негізін 1995 жылы 11 қыркүйекте Пекинде қол қойылған «Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Қорғаныс министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы Меморандум» қалайды. Бұл меморандумға территориялық тұтастықты және мемлекеттік егемендікті өзара құрметтеу принципінен келе отырып, тараптар мен екі елдің Қарулы күштері арасындағы достық қарым-қатынасты дамыту мақсатында қол қойылды [7].

Меморандумның бірінші бабында былай делінген: «тараптардың объективті қажеттілігі мен сәйкесінше мүмкіндіктеріне сүйене отырып, әскери салада достық ынтымақтастықты дамыту және оны үшінші елдерге қарсы қолданбау». Екінші бапта ынтымақтастық жолдары қарастырылады:

- әскери-техникалық ынтымақтастық;
 - әскери мамандарды дайындау;
 - тәжірибе және ақпарат алмасу;
 - әскери саладағы біріккен ғылыми зерттеулер;
 - Тараптар арасындағы келісім бойынша басқа салаларда да ынтымақташу.
- Үшінші бапта ынтымақтастықтың жүзеге асыру шаралары көрсетілген:
- қорғаныс министрлерінің және өзге де ресми әскери тұлғалардың ресми сапарлары;
 - Тараптар өкілдерінің жұмыс барысындағы кездесулері;
 - әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық мәселелерін талқылау үшін әртүрлі деңгейдегі әскери делегациялардың сапарларымен алмасу;
 - әскери делегациялардың Тараптар өткізіп отырған мәдени, спорттық және басқа шараларына қатысуы;
 - Тараптардың келісімімен ынтымақтастықтың басқа да формалары.

Төртінші бап қабылдаушы тараптың міндеттерін қарастырады, яғни тамақтануға, тұруға, көлік және қажетті медициналық қамтамасыз етуге қажетті шығынды қабылдаушы жақ толықтай көтереді.

Әскери саладағы алмасу мен ынтымақтастықтың мазмұнын, формалары мен бағытын Тараптардың өкілетті өкілдерінің жеке құжатқа қол қою арқылы белгілейтінін және оны әскери ведомствалардың сыртқы байланыс органдары және тиісті елшіліктері қадағалайтыны бесінші бапта айтылған.

Алтыншы бапта қорғаныс саласындағы алмасу мен ынтымақтастықтың айрықшалығын ескере отырып, тараптар алмасу мен ынтымақтастықтың мазмұнының құпиялылығын сақтауға жауапкершілікті мойнына алады; әскери ынтымақтастыққа жататын мәліметтерді жариялау қажеттілігі туындағанда, ол тараптардың өзара алдын ала келісімі бойынша жүзеге асады.

Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енген [8].

Әскери сала бойынша тағы бір құжат – 2002 жылы 23 желтоқсанда Пекинде қол қойылған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы қауіпті әскери әрекеттің алдын алу туралы Келісімі». Онда былай делінген: «Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қытай Халық Республикасы Үкіметі тату көршілік, достық қатынастарын қолдауға және дамытуға, екі ел қарулы күштерінің өзара сенімі мен ынтымақтастығын нығайтуға ұмтылыстарын дәлелдей отырып, егемендік пен территориялық бүтіндікті өзара құрметтеу, мемлекеттердің ішкі ісіне қол сұқпау, тең құқықтық пен өзара сенім принциптеріне сүйене отырып, қауіпті әскери әрекеттің алдын алу қажеттігін және қауіпті әскери әрекеттен туындайтын инциденттерді бейбіт шаралармен шешу керектігіне сенімді бола отырып, 1996 жылы 26 сәуірде қол қойылған «Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара ауданындағы әскери сала бойынша сенімді нығайту туралы Келісімге» негізделі отырып, бейбіт кезеңде бір-біріне жақын жерде әрекет еткенде өз қарулы күштерінің персоналының (техниканың) және азаматтық тұрғындар мен нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Келісімге қол жеткізілді» [9].

«Қауіпті әскери әрекет» дегеніміз Тарап мемлекеттерінің қарулы күштерінің персоналының (техникасының) бейбіт кезеңде шекара

ауданындағы форс-мажорлық жағдайларға байланысты немесе қасақана емес адам шығынына немесе мемлекетке басқа Тараптан материалдық шығынға немесе Тарап мемлекеттері арасындағы қатынастарда қиындықтарға алып келетін әрекеттерді білдіреді. Оның мынадай түрлері болады:

1. Форс-мажорлық жағдайларға немесе басқа да қасақана емес себептермен бір Тараптың мемлекеттік қарулы күштерінің персоналының (техникасының) екінші Тараптың мемлекет территориясы аумағына кіруі.

2. Тараптардың бірінің лазер қолдануы нәтижесінде оның сәулесінің келесі Тараптың мемлекетінің персоналына, азаматтық тұрғындарына, техникасы мен нысандарына зиян келтірген жағдайда.

3. Айрықша назар аудару аумағында бір Тараптың мемлекеттік қарулы күштерінің персоналының (техникасының) әрекетінің қиындауы нәтижесінде келесі Тараптың мемлекетінің персоналына немесе азаматтық тұрғындарына, болмаса техникасы мен нысандарына зиянын тигізсе.

4. Басқару жүйелеріне кедергі жасау арқылы келесі Тараптың мемлекетінің персоналына немесе азаматтық тұрғындарына, болмаса техникасы мен нысандарына зиян жасаған жағдайда.

Қауіпті әскери әрекеттердің алдын алу үшін Тараптар келесі қадамдарға баруы қажет:

– Тарап мемлекеттерінің қарулы күштерінің персоналының өзара қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бір-біріне жақын арада жүргізілген әрекеттер барысында абай болу қажет;

– Тарап мемлекеттерінің қарулы күштерінің персоналы әскерлердің әдеттегі қызметінің барысында (әскерлердің орын алмасуы, жаттығулар, әскери оқ ату, ұшақтардың ұшуы және басқалары) барысында қауіпті әскери әрекеттердің және одан келетін салдарлардың алдын алу үшін қауіпсіздіктің тиімді шараларын қолдануы тиіс;

– қауіпті әскери әрекеттерден келіп шыққан инциденттер туындағанда, Тараптар күш көрсетуге қоқан-лоқы жасамай немесе оны қолдануға жүгінбей олардың тарамалуы мен тоқтауын қамтамасыз етуге шаралар қабылдайды және де кеңесулер арқылы бұл инциденттерді шешеді.

Бұл Келісім күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде Тараптар оның шарттарының жүзеге асуын қарастыру үшін, сондай-ақ өз қарулы күштерінің қауіпсіздігін одан да ары қамтамасыз етудің мүмкіндікті жолдарын іздеу үшін кездесулері қажет. Кейіннен мұндай кездесулер екі жылда бір рет өткізілетін болады, ал шұғыл

жағдайларда Тараптар өзара келісіп кездесу өткізі алады.

Бұл келісімді Қазақстан Республикасы 2004 жылдың 11 маусымында ратификациялады. [10]

Әдебиеттер

- 1 <http://base.zakon.kz/doc/lawyer>
- 2 ТАСС. Қытаймен әскери ынтымақтастықтың жаңа тарауы ашылады // Егемен Қазақстан. – 1997. – 7 қазан. – 1 б.
- 3 Галямова В. Усиление Китая и ожидания для Казахстана// Аналитик. – 2010. – №4. – С.22-27.
- 4 Айтбаев М.С. Безопасность и региональное сотрудничество: сборник материалов международной конференции. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2010. – С. 4-5.
- 5 Сыроежкин К.Л. Казахстан-Китай: от приграничной торговли к стратегическому партнерству. В трех книгах. – Алматы: КИСИ, 2010.
- 6 Федосеев С.Г. Военная безопасность Республики Казахстан. – Алматы, 2006. – С.106.
- 7 Каштанов В. Китай впервые направит истребители J-10 и танки тип 99 на совместные военные учения.http://www.periscope2.ru/?digest_id=21257. 30.Смирнов С. М. АТР и западная модель коллективной безопасности. – Владивосток, 2009. – С. 67.
- 8 Чжан Вэньвэй. Шанхай хэцзо цзуджи чэнцзю цзихуй юй. Чжунго вайцзяо сюэюань. – Пекин: Бэйцзин чубаньшэ, 2004. – 78 с.
- 9 China's National Defense in 2006, Information Office of the State Council PRC December 29, 2006, <http://www.fas.org/nuke/guide/china/doctrine/wp2006.html#4>
- 10 <http://moikompass.ru/compas/k50>

References

- 1 <http://base.zakon.kz/doc/lawyer>
- 2 ТАСС. Kytaiimen askery yntymaktastyktyn jana tarauly ashylady // Egemen Kazakstan. – 1997. – 7 kazan. – B.1
- 3 Galyamova V. Usilenye Kitaya I ozhydanya dlya Kazakstana// Analytyk. 2010. – №4. – С.22-27.
- 4 Aitbayeva M.C. Bezopasnost I regionalnoye sotrudnychestvo. Sbornik materialov mezhdunarodnoy konferencyi. – Almaty: KISI pri Prezidente RK, 2010. – С. 4-5.
- 5 Syroezhkin K.L. Kazakstan-Kitay: ot prigranichnoy torgovli k strategicheskomu partnerstvu. V treh knigah. – Almaty: KISI, 2010.
- 6 Fedoseyev S.G. Voyennaya bezopasnost respubliky Kazakstan.-Almaty, 2006. С.106.
- 7 Kashtanov V. Kitay vpervye napravlyat istrebitely J-10 I tanky typu 99 na sovmestnye voennye uchenya.http://www.periscope2.ru/?digest_id=21257.
- 8 Zhan Wenwei. Shanhai hezuo zuzhi chenzyu thihui yu. Zhunguo waijiao xueyuan. // Pekin: Baithin chubanshi, 2004. 78 s.
- 9 China's National Defense in 2006, Information Office of the State Council PRC December 29, 2006, <http://www.fas.org/nuke/guide/china/doctrine/wp2006.html#4>
- 10 <http://moikompass.ru/compas/k50>